

Ленин жолы

ҚК(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ
ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№153 (8013) Жексенбі 5 август 1945 жыл Шығуына 27-жыл
Неме саны 20 тыйын

ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫҢ ДАҢҚТЫ КҮНІ

1935 жылы 30 июльде. Кремльде партия мен үкімет басшылары, көмеңгер көсеміміз Сталин жолдас еліміздің темір жол транспорты қызметкерлерін қабылдады. Міне сол даңқты күнге 10 жыл толды. Партия мен үкімет басшыларының және Сталин жолдасының темір жол транспорты қызметкерлерін қабылдауы хұрметіне, жыл сайын теміржолшылардың Бүкіл Одақтық мерекелі күні өткізілетін болып белгіленді. Сөйтіп, бұл күн еліміздің теміржолшыларының дәстүрлі мерекесіне айналды. Міне сол уақыттан бері теміржолшылар бұл даңқты күнді жыл сайын салтанатты түрде мерекелеп, еліміздің темір жол транспортының істеген жұмыстарын қорытын, алда тұрған айбынды міндеттерін белгілейді, өздерінің озат іс тәжірибелерін ортаға салады.

Көмеңгер көсеміміз, Советтер Одағының Генералиссимусы Сталин жолдасы бұдан 10 жыл бұрын теміржолшыларға арпаған нұсқау сөздерін мүлтіксіз жүзеге ашып, өздерінің алдына қойылған міндеттерді аброймен орындау үшін қажырлы қайратпен күш жұмсай отырып, теміржолшылар талай тарихи кезеңдерден өтті. Елімізде өзінің тамаша нәтижелі жемістерін берген Сталиндік бесжылдықтар кезінде теміржолшыларымыз техника өнерінің соңғы жаңа табыстары негізінде қайта құрылып, ойдағыдай жабылды. Отанымызға шексіз берілгендік рухқа тәрбиеленіп, үздік техниканы меңгерген темір жол транспортының тамаша іскер қызметкерлері өсіп, жетілді. Теміржолшылардың халық игілігі үшін қажырлы еңбек істеуі нәтижесінде темір жол транспорты еліміздің халық шаруашылығының, отан қорғау ісінің

да ауыр салмақты 839 поезд жүргізген болса, быылғы бірінші жарты жылдықтың өзінде ауыр салмақты 3254 поезд жүргізді.

Теміржолшылар ішкі мүмкіншілікті іске ұқсатып, толық пайдалану жөнінде де көрнекті жұмыстар істеді. Мысалы, Петропавл депосының коллективі соғыс кезінде 3 миллион 60 мың сомның түрлі қосалқы бөлшектерін, вагон жөндеушілер 3 миллион 672 мың сомның, бесінші жол дистанциясының жұмысшылары 3 миллион сомның қосалқы бөлшектерін жергілікті жердің өзінде өндіріп, темір жол бөлімінің қосалқы бөлшек көпінен хажетін тыңғылықты өтеді. Дәпө темір жол торабындағы ең ірі өндіріс орны. Міне сондықтан да оның коллективі өздерінің алдында тұрған міндеттерді жете ұғына отырып, қажырлы қайратпен еңбек істеуде. Осының нәтижесінде дәпө поездарды жөндеу жоспарын үнемі артығымен орындап келеді. Сөйтіп ол поездардың қалтқысыз жүріп, темір жол бөлімінің жаңа табыстарға жетуіне мүмкіндік жасауда.

Социалистік жарысты кеңінен өрістету, өндіріс озаттарының іс тәжірибесін көпшілік игілігіне айналдыру, теміржолшылар арасында саяси-көпшілік ісін алда тұрған айбынды міндеттер дәрежесіне сай жүргізу нәтижесінде темір жол бөлімінде даңқты адамдар мен өндіріс озаттарының қатары көбеюде. Паровозшылар Кузнецов, Донцов, Романов, Рақымжанов, Акметов, Карманов, Кочергина жолдастар сыяқты теміржолшылар көптеп саналады. Бұлар Петропавл темір жол бөлімінің мақтанышы.

Ұлы Отан соғысы кезінде Отан қорғау және халық шаруашылық жүктерін тасу

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінде

МТС және совхоздар үшін Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туларын белгілеу және 1945 жылғы еңбегі жыйнаудағы озаттарға сыйлық беру туралы

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитеті республиканың МТСарында, колхоздары мен совхоздарында Қазақ ССР-ның 25 жылғы хұрметіне өріс алған социалистік жарыстың ауыл шаруашылық жұмыстарын ойдағыдай жүргізуде, трактор паркінің жұмысын жақсартуда көрнекті роль атқарғандығын атап көрсете келіп, қаулы алды.

Социалистік жарысты өрістете беру және егін жыйнау кезінде озаттарды ынталандыру мақсатында Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советімен ҚК(б)П Орталық Комитеті қаулы етті:

1. Егін жыйнауда үздік шыққан МТС-тар мен совхоздар үшін Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы 20 Қызыл Туы, оның ішінде МТС-тар үшін 15 және совхоздар үшін 5 ту белгіленсін.

2. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туы Қазақ ССР Жер Халық Комиссариатының, Совхоздар Халық Комиссариатының, ҚК(б)П облыстық комитеттерінің және облыстық совет атқомдерінің ұсынуы бойынша комбайн мен егін жыйнауда үздік табыстарға жеткен МТС-тар мен совхоздарға 10 күн сайын бір рет беріліп отыратын болып белгіленсін.

Ауыспалы Қызыл Ту алған МТС-тар мен совхоздардың директорларына туды сол МТС-та немесе совхозта комбайнмен

Бүгін—теміржолшылардың Бүкілодақтық күні. Бұл күні темір жол транспортының өткен жыл ішінде істеген жұмыстары қорытылып, алда тұрған айбынды міндеттер белгіленеді.

Теміржолшы жолдастар, өндіріс жұмысында жаңа табыстарға жету үшін социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, еліміздің халық шаруашылығын неғұрлым өркендету үшін қажырлы қайратпен еңбек істеп, көмеңгер көсеміміз Сталин жолдасқа берген сертті аброймен орындайы

«Сталинец» комбайнымен маусымда 700 гектар, «Коммунар» комбайнымен 500 гектар, ал тіркеудегі екі комбайн мен кемінде 1000 гектар егін жыйнаған комбайншы мен тракторшыға беріледі.

1000 сом мөлшеріндегі үшінші сыйлық «Сталинец» комбайнымен маусымда 500 гектар, ал «Коммунар» комбайнымен 400 гектар егін жыйнаған комбайншы мен тракторшыға беріледі.

Аталған сыйлықтар комбайншылар мен тракторшыларға облыстық совет атқомінің ұсынуы бойынша егін жыйнау жұмыстары аяқталғаннан кейін беріледі.

4. Егін жыйнау жұмыстарының озаттарын ынталандыру үшін берілетін бұйымдардың төмендегі мөлшері тағайындалсын.

а) Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты бойынша—3460 сыйлық, оның ішінде комбайнмен егін жыйнаудың шеберлеріне—100, комбайншыларға олардың көмекшілері мен тракторшыларға—6000, трактор бригадаларының бригадирлеріне—800, егін бригадаларының бригадирлеріне—1000, колхоз председателдеріне—400, учаскелік механиктер мен агрономдарға—600, лобогрейкашыларға—9000, қол шалғышыларға—7500, колхозшылар мен звено бастықтарына—5000, МТС-тардың директорлары мен аға мамандарына—60 сыйлық;

б) Қазақ ССР Совхоздар Халық Комиссариаты бойынша—3393 сыйлық, оның ішінде комбайнмен егін жыйнаудың ше

на, бөлімшелер мен фермалардың меңгерушілері мен механиктеріне, лобогрейка машинашыларына, қол шалғышылар мен совхоз жұмысшыларына сыйлықты МТС және совхоз директорлары береді;

б) МТС-тар мен совхоздардың директорлары мен аға мамандарына сыйлықты облыстық жер бөлімдерінің бастықтары және совхоз трестерінің директорлары береді;

в) лобогрейка машинашыларына, қол шалғышылар мен қол орақшыларға, звено бастықтары мен колхозшыларға сыйлықты колхоз басқармасының председателі береді;

г) колхоз председателдеріне сыйлықты аудандық жер бөлімінің ұсынуы бойынша аудандық совет атқомдері береді.

Колхоз басқармаларына комбайншыларға, олардың көмекшілеріне, тракторшыларға, трактор және егін бригадаларының бригадирлеріне, лобогрейка машинашыларына, қол орақшылар мен қол шалғышыларға, звено бастықтарына және колхозшылар мен колхоз председателдеріне берілетін сыйлық мөлшерін колхозшылардың жалпы жыйылысының ұйғарындысы бойынша тағайындау ұсынылсын.

7. Қазақстан тұтынушылар одағы (Исаков жолдас), Сауда Халық Комиссариаты (Сапарғалиев жолдас) егін жыйнау озаттарына беру үшін керекті бұйымдарды осы жылдың үшінші тоқсанында бөлуге міндеттелсін.

егін жыйнау озаттарына берілетін сыйлықтардың облыстарға тоқтаусыз етілуін қамтамасыз етуге міндеттелсін.

10. Облыстық, аудандық совет атқомдері, ҚК(б)П облыстық, аудандық комитеттері, МТС-тар мен совхоздардың директорлары егін жыйнау кезінде озаттардың сыйлықтың уақытылы берілуін қамтамасыз етуге міндеттелсін.

Ұйымдастыру-көпшілік жұмысы іске бағыттап жүргізілсін, облыстық және аудандық газеттерде, сол сияқты радио арқылы, МТС-тарда, колхоз, совхоздарда шығарылатын қабырғалар тері мен жауынгерлік листоктарда жыйнау жұмыстары озаттарының бәсі кең көрсетілетін болсын.

11. Республикалық және облыстық газеттерде хұрмет тақтасы белгіленген егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарының озаттары жазы болсын.

Республикалық хұрмет тақтасын Қазақ ССР Жер Халық Комиссариатының, Совхоздар Халық Комиссариатының және дайындау Халық Комиссариатының Қазақ ССР-дағы өкілінің ұсынуы бойынша егін жыйнау және дайындау жоспарын уақытында орындаған МТС-тар, колхоздар, аудандық облыстар жазылатын болсын; облыстық хұрмет тақтасына облыстық жер бөлімінің, совхоздар трестінің және Дайындау Халық Комиссариаты облыстық өкілінің ұсынуы бойынша егін жыйнау және дайындау жоспарын уақытында орындаған МТС-тар, колхоздар, аудандық облыстар жазылатын болсын.

орындады. Батыр Қызыл Армияның азық-түлік, киім-кешек және соғыс қарулары жағынан өнеркәсіп орындарының иісі зат жағынан мұқтаждық көрмеуі үшін темір жолшыларымыз майдан жауынгерлерінің ерлік істеріне сай еңбек етіп, неміс қаракшыларға қарсы Ұлы Отан соғысы кезінде отан қорғау және халық шаруашылық жүктерін тасу жөнінде үкметіміз бен соғыс командованиесінің тапсырмаларын үгітілі орындады.

Теміржолшылар өздерінің ең жақын туыс ең қаһарман Қызыл Армияның майданда неміс басқыншыларға қарсы жүргізген ұрыс қиймылдарының бәріне тікелей қатысып, айбынды әскерлеріміздің жеңіске жетуіне қолма-қол көмектесті. Сөйтіп, Гитлер Германиясына қарсы күресте қаһарман халқымыз бен батыр Қызыл Армиямыздың қолжеткен тарихи жеңісіне даңқты теміржолшыларымыздың қосқан үлесі зор. Бұл еліміздің теміржолшылары үшін бақау аброй, зор құрмет болып саналады. Теміржолшыларға көрсетілген бұл құрмет олардың алдына жаңа міндеттер қойып отыр.

Неміс-фашист басқыншыларды біржола та жеңіп шығып, бейбітшілікпен даму дәуіріне көшу ісіне еліміздің бүкіл темір жолшылар армиясымен бірге, Петропавл темір жол бөлімінің теміржолшылары да зор үлес қосып, иілікті істер істеді. Сөйтіп, олар теміржолшылардың Бүкіл-одақтық даңқты мерекесі күнін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алып отыр. Петропавл темір жол бөлімінің коллективі теміржолшылар күні қарсаңындағы социалистік жарысты өрістетіп отырып, жүк тасу жоспарын өткен май айында 100,1 процент, июль айында 186 процент, июль айында 142,2 процент орындады. Темір жол бөлімі жүк тасу жұмысы жөнінде де едәуір табыстарға жетті. Жүк тасу жоспары өткен июль айында 150,4 процент, июль айында 103,3 процент орындады. Ауыр салмақты поездарды жүргізу ісінде де теміржолшылар коллективі едәуір табыстарға жетті. 1-ер 1941 жылы темір жол торабын

деңізі, көптеңгі паровозшы Кузнецов жолдас 1-дәрежелі Отан соғысы ордені, атақты машинашылар Донцов, Романов жолдастар, вагон жөндеу пунктінің ағаш шебері Карманов жолдас Еңбек Қызыл Ту орденінің наградқа алды. Теміржолшылардың міндеті—жоғарыда аттары аталған даңқты теміржолшылардың іс үлгісін көпшілік игілігіне айналдырып, өндіріс озаттарының қатарын неғұрлым көбейту болып саналады.

Дегенмен темір жол бөлімінің жұмысында жетістіктермен бірге елеулі кемшіліктер де бар. Темір жол бөлімінде қысқы маусымға әзірлік жұмысы шын мәнінде өріс алмай отыр. Өндірістік программа жұмыстың кейбір салаларынан әлі толық орындалмай келеді. Дөңгешауанылығын анағұрлым жақсарту хажет. Өйткені дөңгешау күрделі жөндеуден өткізуге тура келеді. Міне бұл негізгі кемшіліктерді іс үстінде жедел жою үшін теміржолшылар іскерлік және қабілеттік көрсетуге, еселеген жігермен күш жұмсауға тиіс.

Теміржолшылар арасында социалистік жарыс, саяси-көпшілік жұмысын кеңінен өрістетіп отырып, бүкіл темір жол бөлімінің қысқы маусымға мінсіз әзір болуын, жүк тасу жоспарының үнемі артығымен орындалып, әрбір бөлімшенің қалтқысыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек. Республикамыздың 25 жылдығы құрметіне ұйымдастырылған социалистік жарыс туып жоғары ұстай отырып, даңқты мереке күнін өндірістің барлық саласында лайықты табыстармен қарсы алу, еліміз бейбітшілікпен даму дәуіріне көшкен жағдайда алға қойылған міндеттерге сай еңбек істеу—теміржолшылар коллективінің абройы ісі.

Темір жол транспортында қолжеткен табыстарды баянды етіп, социалистік жарысты мейлінше өрістетіп сөйтіп, республикамыздың даңқты мерекесін өндірістік жана табыстармен қарсы алу ісіне теміржолшылардың барлық күш-жігері жұмсалсын!

ЭСТОНИЯНЫҢ КӨРНЕНТІ ҚАЙРАТКЕР-ЛЕРІН МӘҢГІ ЕСТЕ ҚАЛДЫРУ

Эстон ССР Халық Комиссарлары Советі эстон халқының совет өкметін орнату жолындағы күресте қаза тапқан көрнекті қайраткерлерін мәңгі есте қалдыру туралы қаулы алды. Таллин қаласында Эстония жұмысшы қозғалысының көсемі Виктор Кенгисенке және Эстон ССР Халық Комиссарлары Советінің бұрынғы председатели, неміс-фашист басқыншылар қолынан қаза тапқан Ноханес Лауристинге ескерткіштер орнатылады.

(ТАСС).

ҚАРА ТЕҢІЗ МИНАЛАРДАН ТАЗАРТЫЛУДА

Қара теңіздің солтүстік-батыс жағалауында миға сүзетін қатер кемелері бөлімшесінің жұмысқа кіріскеніне бір жыл тоқты. Қызыл Армия теңіз жағалауы бойын азат еткеннен кейін, миға сүзгіш кемелер Одесса, Очаков, Херсон, Николаев порттарының маңын тазартты.

Миалар әсіресе, Қара теңіздің солтүстік-батыс ауданында көп болатын. Әуе райының қолайсыз болғанына, дауылға, желге қарамастан, миға сүзгіш қатерлердің теңізшілері миаларды ойдағыдай жойып, көме жолдарын ашты.

(ТАСС).

лық «Сталинец» комбайны мен маусымда 900 гектар, «Коммунар» комбайнымен 600 гектар, ал тіркесудегі 2 комбайнмен кемінде 1200 гектар егін жыйнаған комбайншы мен тракторшыға беріледі.

1500 сом мөлшеріндегі екінші сыйлық

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің қаулысына қосымша

I. Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты бойынша егін жыйнау озаттарына сыйлыққа берілетін заттар

Комбайншыларға, олардың көмекшілері мен тракторшыларға: 5 метр мата, бір тоқыма немесе тоқыған ішкіім, бір пар шөлке немесе ұйық, 2 шарық жіп, 1 кесек кір сабын, 2 піс сабын, 300 грамм шай, 200 грамм темекі, 1 қорап сіреңке, 1 шыны піс май.

Трактор бригадаларының бригадирлеріне: 3 метр мата, тоқыма костюм немесе көйлек, 2 шарық жіп, 1 пар аяқ киім, 1 кесек кір сабын, 2 піс сабын, 400 грамм шай, 300 грамм темекі, 2 қорап сіреңке, 1 шыны піс май.

Егін бригадаларының бригадирлеріне: 3 метр мата, 1 шәлі, костюм немесе көйлек, 2 шарық жіп, 1 пар галош, 1 кесек кір сабын, 2 піс сабын, 400 грамм шай, 200 грамм темекі, 1 қорап сіреңке, 1 шыны піс май.

Колхозшыларға, звено бастықтарына, қол орақшылар мен қол шалғышыларға: 1 көйлек, 1 шәлі, 2 шарық жіп, 400 грамм кір сабын, 1 піс сабын, 300 грамм шай, 100 грамм темекі, 1 қорап сіреңке.

2. Қазақ ССР Совхоздар Халық Комиссариаты бойынша егін жыйнау озаттарына сыйлыққа берілетін заттар

Комбайнмен егін жыйнау шеберлеріне: 5 метр мата, 1 киімдік қылықыр кездеме, 1 пар былғары аяқ киім, 1 тоқыма киім, 1 пар шөлке немесе ұйық, 3 кесек кір сабын, 2 піс сабын, 1 шыны піс май, 500 грамм шай, 2 килограмм қант.

Комбайншылар мен тракторшыларға: 5 метр мата, 1 киімдік тоқыма кездеме, 1 пар шөлке немесе ұйық, 2 кір сабын, 1 піс сабын, 1 шыны піс май, 200 грамм темекі, 300 грамм шай, 1 килограмм қант.

Трактор бригадаларының бригадирлеріне: 3 метр қылықыр мата, 1 пар былғары аяқ киім, 1 сырт киім, 2 кір сабын, 2 піс сабын, 1 шыны піс май, 300 грамм темекі, 400 грамм шай, 1,5 килограмм қант.

Лобогрейкашыларға: 5 метр мата, 1 сырт киім, 1 кесек кір сабын, 1 піс сабын, 1 шыны піс май, 100 грамм темекі, 300 грамм шай, 500 грамм қант.

лық.

5. Сыйлық берудің төмендегі тәртіптері белгіленсін:

а) комбайншыларға, олардың көмекшілеріне, тракторшыларға, трактор бригадаларының бригадирлеріне, МТСардың учаскелік механиктері мен агрономдары-

Лобогрейкашыларға: 3 метр мата, 1 шәлі, 2 шарық жіп, 400 грамм кір сабын, 1 піс сабын, 300 грамм шай, 100 грамм темекі, 1 қорап сіреңке.

Колхоз председателдеріне, учаскелік агрономдар мен механиктерге: 3 метр мата, 1 киімдік қылықыр немесе жібек, 2 шарық жіп, 1 пар галош, 400 грамм кір сабын, 3 піс сабын, 500 грамм шай, 300 грамм темекі, 2 қорап сіреңке, 1 шыны піс май.

Комбайнмен егін жыйнаудың шеберлеріне: 4 қалта сағаты, 1 тоқыма сырт киім, 1 пар шөлке немесе ұйық, 1 костюм немесе көйлек, 2 шарық жіп, 1 пар аяқ киім, 400 грамм кір сабын, 3 піс сабын, 500 грамм шай, 200 грамм темекі, 1 қорап сіреңке, 1 шыны піс май.

МТСардың директорлары мен аға мамандарына бір киімдік жібек, тоқыма ішкіім немесе бір сырт киім, шөлке-ұйық, 2 шарық жіп, 1 пар былғары аяқ киім, 4 кесек піс сабын 500 грамм шай, 300 грамм темекі, 2 қорап сіреңке, 1 шыны піс май, 1 сағат.

Қол орақшылар мен қол шалғышыларға: 3 метр мата, 3 метр жібек, 1 сырт киім, 1 пар шөлке немесе ұйық, 1 кесек кір сабын, 1 піс сабын, 1 шыны піс май, 100 грамм темекі, 300 грамм шай, 500 грамм қант.

Бөлімшелер мен фермалардың бастықтарына және механиктеріне: 3 метр мата, 3 метр қылықыр кездеме, 1 пар былғары аяқ киім, 1 пар шөлке немесе ұйық, 3 кесек кір сабын, 2 кесек піс сабын, 1 шыны піс май, 300 грамм темекі, 500 грамм шай, 1,5 килограмм қант.

Совхоз директорлары мен аға мамандарына: 3 метр мата, 3 метр қылықыр, 1 пар былғары аяқ киім, 1 сырт киім, 1 пар шөлке немесе ұйық, 3 кесек кір сабын, 2 кесек піс сабын, 1 шыны піс май, 300 грамм темекі, 500 грамм шай, 1,5 килограмм қант.

ушықтарды әзірлеп, сауда аалық комиссариаты мен Қазақстан тұтынушылар одағына тапсыруға міндеттелсін.

9. Түркістан—Сібір темір жолының бастығы Филиппов жолдас Қазақ ССР Сауда Халық Комиссариатының және тұтынушылар одағының жолдамасы бойынша

Звено бастықтары мен совхоз жұмысшыларына: 3 метр мата, 1 сырт киім, 1 пар шөлке немесе ұйық, 1 кесек кір

3. 1945 жылғы егін жыйнау кезіндегі озаттарға беру шарты

1. МТС және совхоз комбайншыларына олардың көмекшілері мен тракторшыларына сыйлық:

а) егін жыйнау жоспарын мерзімінен бұрын кемінде 10 процент артық орындағаны, орылған алаңның сапалы болуына жетіскені және жанармайды көптеп үнемдегені үшін;

б) комбайндармен тракторларды түзу күйінде сақтағаны үшін беріледі:

2. Комбайнмен егін жыйнаудың шеберлеріне сыйлық:

а) комбайнмен егін жыйнау жоспарын кемінде 200 процент орындап, орылған егіннің сапалы болуына жетіскені үшін;

б) машинаны түзу күйінде сақтағаны үшін;

в) жанармайды кемінде 5 процент үнемдегені үшін беріледі.

3. Совхоз бөлімшелері мен фермаларының механиктеріне, МТС және совхоздардың трактор отрядтарының бригадирлеріне, МТСардың учаскелік механиктері мен агрономдарына сыйлық:

а) комбайнмен егін жыйнау және трактор мен істелетін жұмыс жоспарын бөлімше бойынша мерзімінде 100 процент орындағаны, жұмыстың сапалы істелуіне жетіскені үшін;

б) егін жыйнау кезінде машиналарды

КИЕВ ОБЛЫСЫНЫҢ КОЛХОЗ СЕЛОЛАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛУ

КИЕВ, 27 июль. (ТАСС). Киев облысының селоларында колхоз үйлерін және шаруашылық орындарын салу жұмысы кең өріс алды. Белоцерков, Богуслав, Тарашан, Борисполь, Узин және Каганович аудандарында үй салатын 382 бригада құрылды. Быйылғы 6 айдың ішінде бригадалар колхоздарда 804 үй салды. Облыстың 5 ауданында-Бровар, Ды-

ЛАТВИЯҒА ӨЗБЕКСТАН МАҚТАСЫ ЖІБЕРІЛДІ

Өзбек ССРның Андижан облысының колхозшылары жіберген бір әшелон мақта Латвияның астанасына келді. Латвияның үлкен тоқыма фабрикалары—Юглас-

мен совхоз жұмысшыларының жыйылыстарында талқылауға егін жыйнау мен ауыл шаруашылығын дайындау жұмыстары дай жүргізу жөнінде хажетті белгілеуге міндеттелсін.

сабын, 1 шыны піс май, 100 меки, 300 грамм шай, 500 грам

техникалық жағынан күту және лактикалық жөндеу жоспарын және машиналарды бөлімше бригадаларда жақсы жағдайда ұшын;

в) жанармайды жұмсауға үк рағандығы және жанармайды а сауға жол бермегені үшін бері.

4. Колхоз председателдеріне, лер мен ферма меңгерушілеріне

Колхоз, бөлімше және ферма егін жыйнау және астық дайы парын мерзімінде орындауда үз тарғы жеткені үшін беріледі.

5. Егін бригадаларының бри не, лобограйкашыларға, қол о мен қол шалғышыларға, звено рына колхозшылар мен совхоз ларына сыйлық:

Егін жыйнау кезінде жұмыс үнемі орындағаны және астық на жол бермегені үшін беріледі

6. МТС және совхоздардың б меткарлеріне сыйлық:

Егін жыйнау және комбайн ры жөнінде үздік табыстарға МТС бойынша заттай ақы төл рын, ал совхоз бойынша мемд тық тапсыру жоспарын мерзімі дағаны үшін беріледі.

мер. Макаров, Переяслав-Хм және Гребенков аудандарында ларға арнап 100 үлгілі үйлер балар салынып жатыр.

Алғашқы жарты жылдың іш та колхозшылар үшін 6524 үй шаруашылық орны, 72 мәдени орындары салынды.

манфактура», «Рига-мануфакту зыл тоқымашы» және басқал мақта жағынан толық қамтам

Теміржолшылардың Бүкілодақтық күніне тарту

МІР ЖОЛ ТРАНСПОРТЫНДА ӨНДІРІСТІК ЖАҢА ТАБЫСТАРҒА ЖЕТЕЙІК!

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР СЕРТІН ОРЫНДАДЫ

павл темір жол бөлімінің коллективі теміржолшылардың Бүкілодақтық мерейіне алу үшін социалистік жазанай ұштасып, өнеркәсіп орынына затты тез жеткізуге, Халықаралық темір жолшылардың үлгілі қамтуға, жанар және жағар майларды үнемдеуге бағытталған нақтылы иелер алған еді. Олар бұл сертін де орындау үшін аялбай еңбек

жолшылар арасында поездарды бойынша, не гүрлым шапшаң жүк тасу және жүк түсіруінің жоспарын мүлтіксіз, поездарды негүрлым тез кұрасып өзара социалистік жарыс кеіс алды.

социалистік жарыс өзінің тамажыларын берді. Бас машинаны жолдас өз паровозын күрделі та дәрежелі жөндеуден өткізбесінің километр жол жүрді. Басшы Коновалов жолдастың паровоз бригадасын лүпінше әдіспен істеп, отынды үнемдеп жұмсауда көзге түсті. Бригада мүшелері ш айда 56 тонна отын үнемдеп, техникалық жүру шапшаңдығын үш сағатына 2 километр арт. Машинаны Рахметов жолдас іс үлгісін көрсетіп жүр. Ол по

ездің тәуліктік жүру шапшаңдығы жөніндегі тапсырманы үнемі 110 процент орындайды.

Темір жол бөлімінде мұндай озат паровозшылардың қатары көптен саналады. Олар отанымыздың күш-қуатын бұрыныңдан да нығайта беру үшін өздерінің іскерлігін күн сайын арттыра түсуде. Соның нәтижесінде олар өндіріс жоспарын үнемі артығымен орындауға жетісті.

Темір жол бөлімшесінің жол шеберлері Агарков жолдастың жұмыс әдісін қолданып, темір жол табанын жөндеу жөніндегі июль айының өндірістік жоспарын 135 процент орындады.

Депонның жөндеу цехының коллективі ішкі мүмкіншіліктерді жұмысқа толық пайдаланып, зор ынтамен жұмыс істеді. Сөйтіп вагондарды күрделі жөндеуден өткізудің маусымдық жоспарын мерзімінен едәуір бұрын орындады. Мұнда Поляков жолдастың басқаруындағы жөндеушілер бригадасының мүшелері күнделік жұмыс мөлшерін орындауда көрнекті табыстарға ие болды.

Петропавл теміржолшылары темір жолшылардың бүкіл одақтық күнін осындай табыстармен қарсы алды.

А. ИВАНЮК,

Депо паровозшылар бөлімінің партия ұйымының секретарі.

Зор табыстарға жетпек

лісті темір жол транспортының зайын қарыштап өсуімен қатар, стахановшылар қатары да көптеп теміржолшылардың даңқты и жана табыстармен қарсы алу циалистік жарысты кеңінен өріс-гіжесінде тамаша көрсеткіштерге Міне солардың бірі—Петропавл өлкесінің коллективі.

участкесінде қазір 715 адам жұмыс жүр. Бұлардың бәрі де тікелей слесарь, автоматшы, токарь, берлері, бригада техниктері, ниболып аса жауапты жұмыс арады. Бұлардың ішінде өз ісін

күресуде. Вагон жөндеуші токарь Михайлов жолдас теміржолшылардың Бүкіл Одақтық күнін жаңа табыстармен қарсы алу үшін күш жұмсады. Ол күнделік жұмыс тапсырмасын 200—250 процентке дейін орындап, басқаларға үлгі көрсете білді.

Партия мүшесі Николаев жолдас айлық жоспарды үнемі 250 проценттен көп орындаған емес. Ал токарь Назаров тапсырманы үнемі 150 процент, слесарь Семенов—130 процент орындайды.

Коллектив мүшелерінің еңбек тәртібін мейлінше нығайтып, жұмыс уақытын не гүрлым өнімді пайдалануы нәтижесінде

Теміржолшылардың іс үлгісі

Петропавл депосының нұсқаушы машинисті Ефимов жолдастың басқаруындағы паровоз бөлімінің комсомол мүшелері өз күштерімен 3 паровоз жөндеді. Жөндеу жұмысына машинистілер Копатов, Пажова, Рахметов олардың көмекшілері Алексеев, Петров және басқа жолдастар белсене қатысты.

Паровоз депосының электр цехының жұмысшылары қажырлы еңбек істеді. Олар өздерінің даңқты мереке алдында алған міндеттемелерін ойдағыдай орындады. Мұнда еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырма міндеттемеде көрсетілгендей 150 процент орына 170 процент орындады. Коллектив мүшелері өздерінің негізгі жұмыстарынан бос уақытында екі паровозға жетерлік электр жабдықтарын жөндеді. Стахановшы слесарьлар Захаров, Николаев жолдастар электр қуатын күшейту үшін күш жұмсады. Сөйтіп, олар электр қуатын бұрынғыдан 20 процент арттырды.

Өзбек цехында жұмыс істеуші комсомол мүшелері мен жастар Қазақстанның 25 жылдық мерекесі атындағы социалистік жарыста алда болу үшін мүмкіншілікті тегіс пайдаланып, еңбек өнімді күш сайын арттыра түсуде. Слесарь Борисов бір электр түтігін 8 сағат жөндеу орына 4 сағатта жөндеп шығарды. Слесарь Солдатов жолдас 2 электр түтігі орына 4 электр түтігін жөндеді.

Мереке алдындағы социалистік жарыста Власов жолдастың басқаруындағы комсомол-жастар сменасы тамаша жұмыс істеді. Олар темір жол составтарын тез өрі деркесінде жөндеді. Смена июль айында поездардың график бойынша жүргізілуін қамтамасыз етті. Смена мүшелері өз күштерімен жоспардан тыс 2 вагон жөндеп шығарды.

Коллектив қол жеткен табыстарды баянды ет отырып, август айында да зор табыстарға ие болу үшін жұмысуда.

Е. ИМАНБАЕВ.

Алған міндеттемелерін аброймен орындады

Петропавл депосының жұмысшылары

МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚ ДЕРЕУ ЖОЙЫЛСЫН!

ОБЛЫСЫМЫЗДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫ

ПІШЕН ШАБУ. Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша, колхоздарда 1 августқа дейін 179842 гектар жердің пішені шабылып, одан 136185 тонна өнім алынды. Сөйтіп, пішен шабу жоспары гектар есебімен 49,5 процент орындалды. 2 август күні колхоздарда 3798 гектар жердің пішені шабылды.

Пішен шабу жоспарын Совет ауданының колхоздары 64,1, Ленин ауданының колхоздары 57,2, Преснов ауданының колхоздары 55,9 және Октябрь ауданының колхоздары 49,2 процент орындады. Октябрь ауданының колхоздарында соңғы бір күнде бірде-бір гектар жердің пішені шабылған жоқ.

Пішен шабу жұмысының барысында Соколов, Конюхов және Мамлют аудандарының колхоздары көшіргісіз артта қалды. Бұларда жоспардың орындалуы 35—41 проценттен аздап ғана асты. Мамлют ауданының колхоздарында небары 15314 гектар ғана жердің пішені шабылып, жоспар 35,9 процент орындалды.

ПІШЕН МАЯЛАУ. Облыс колхоздарында шабылған пішенді маялау жұмысының барысы өте-өте баяу болып отыр. Осы уақытқа дейін бар болғаны 95604 тонна ғана пішен маяға салынды. 68506 гектар жердің пішені ат жалда немесе шөмелелерде жатыр. Шабылған пішенді маялауда өсіресе Конюхов, Ленин, Октябрь және Совет аудандарының колхоздары көшіргісіз артта қалды. Бұларда шабылған пішеннің тең жартысы маяланбай жатыр деуге болады. Ал Конюхов ауданының колхоздарында 8163 тонна пішен шабылса, мұның 4947 тоннасы ғана маяға салынды.

МАЛ ҚЫСТАУЛАРЫНА ПІШЕН ТАСУ. Колхоздарда қыстауларға мал азығын жеткізу жұмысының барысы әлі ойдағыдай емес. Өйткені облыс колхоздарының басым көпшілігі мал азығын қыстауларға жеткізу мәселесіне немқетті қарап, пішеннің осы бастан тасыла беруіне қажетті жағдайлар жасамай отыр. Осының салдарынан облыс бойынша мал қыстауларына жеткізілген пішен мөлшері 20 мың тоннадан аздап ғана асты.

Қыстауларға мал азығын тасуда бұрынғыша Мамлют, Петропавл, Полудень және Соколов аудандарының колхоздары артта қалып отыр. Мамлют ауданының колхоздарында бірнеше күн бойына қыстауларға бірде-бір тонна пішен тасылмады.

ШӨП СҮРЛЕУ. Облыс колхоздарын жалпы алғанда, мал азығын сүрлеу жоспары 105 процент орындалды. Мал азығын сүрлеуде Соколов, Совет, Преснов, Полудень және Конюхов аудандарының колхоздары тапсырманы анағұрлым артық орындап шықты. Ал Октябрь, Приешім және Булаев аудандарында мал азығын сүрлеу жоспары әлі орындалған жоқ.

ЗЯБЬ ЖЫРТУ. Колхоздарда 3952 гектар зябь жыртылып, жоспардың орындалуы 2,2 проценттен асқан жоқ. Соңғы бір күнде небары 156 гектар ғана зябь жыртылды. Ал бұл күні Октябрь, Преснов және Приешім аудандарының колхоздарында бірде-бір гектар зябь жыртылмады.

Мал азығының берік қорын жасау күресінде

Құрманғожин жолдас председатель болып істейтін Ленин атындағы ауыл шаруашылық артелінде (Октябрь ауданы) қоғамдық мал шаруашылығына мал азығының берік қорын жасау жұмысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Мұнда қазір 500 гектарға таяу жердің пішені шабылып, шабылған пішеннің барлығы жыйналды, маяға салынды. Жыйналған пішеннің 1000 центнердей қоғамдық мал қыстайтын қыстаулар жанына тасылды.

Колхозды ауылдың таңдаулылары қатарына пішен шабуға асқан жігермен жұмыс істеп жүрген озаттар да қосылды. Мәселен Шәріпов және Есетов жолдастар әрбір бес күн сайын 45 гектар жердің пішенін шабу орына, 54 гектар жердің пішенін шауып, тапсырманы үнемі 120 процент орындады. Колхозшы Нұртазина, Назарова және Тоқтамсызова жолдастардың пішен маялаудағы күнделікті өнімділік көрсеткіштері үнемі 150

ТЫНЫҚ МҰХИТТАҒЫ СОҒЫС

ЛОНДОН, 3 август. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Американың 250 бомбашысы мен истребительінің Окинава аралынан ұшып шығып, Нагасакиге (Жапонияда) шабуыл жасағандығын одақтастардың Тынық мұхиттың оңтүстік-батыс бөлігіндегі қарулы күштері бірлескен командованиесінің штабы хабар етті. Жапонның 10 кемесі суға батырылып, 4 кемесі зияндалды, 6 самолеті атып түсірілді. Американың екінші бір самолеттері Қытай жағалауында жапонның 5 жүк кемесі мен бір транспорттың суға батырды, зияндады және жапонның Хайнань аралындағы әскер қазармалары мен порттары құрылыстарын бомбалады.

ВАШИНГТОН, 3 август. (ТАСС). Қосымша мәліметтер бойынша, Американың үшінші флотының 30 июльде Токио ауданына шабуыл жасаған самолеттерінің жапонның бір баржасы мен шағын 11 кемесін суға батырып, 16 кемесін зияндалғандығын, бір самолетін жойып, 42 самолетін зияндағандығын самолеттер тұратын 4 ангарын, 4 паровозын жойып, 11 паровозы мен 15 ангарын зияндағандығын АҚШтың Тынық мұхиттағы флотының штабы хабар етті. Ағылшын самолеттері авианосецтерден ұшып шығып, жапонның бір сүнгіуір қайығы мен бір әсминенің суға батырды, 2 әсминенің, бір эскаорт кемесін және басқа да 14 кемесін қыйратты.

Англия үкметінің қатарына қосымша адамдар тағайындау

ЛОНДОН, 3 август. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, бас министр К. Эттли Буккингем сарайында корольмен кездескеннен кейін, бүгін таңертең лейбористердің жаңа үкметінің қатарына мына адамдарды қосымша тағайындау туралы хабар жариялады.

Ішкі Істер Министрі—Чатер Ид; Доминиондар істері жөніндегі Министр—лорд Эддисон;

Индия істері жөніндегі Министр—Петтик Лоуренс;

Отарлар Министрі—Джордж Холл; Теніз Министрі—Александр; Соғыс Министрі—Лоусон; Авиация Министрі—Виконт Стэнгейт; Шотландия істері жөніндегі Министр—Джозеф Воствуд;

Еңбек Министрі—Айзекс; Ағарту Министрі—Эллен Вулфинсон; Денсаулық сақтау Министрі—Эньюрингтон;

Жер кәсіп Министрі—Уом Вильямс; Жалпы істер және азаматтық қатынастар Министрі—

шы мен екінді бар. Олар қазір жете бермек. сен табысты баянды ету үшін

Е. МАЛАЕВ.

Мерекеге лайықты тарту

Аял темір жол торабы вагон-теханың коллективінде теміржол Бүкілодақтық күні қарсаңына алынып, жарыс мейлінше өрісіннің нәтижесінде ол мереке күнті тартулармен қарсы алып

стахановшылар қатары анағұр-айды. Қазір 40 жұмысшы стаханов-лардың көпшілігі жұмыс мөл-н сайын 200—500 процент ы. Цехта комсомол-жастардан 2 бригада және екі смена жү-йді. Комсомол-жастар сменасын жұмысшы, комсомол мүшесі жолдас басқаратын. Бұл смена оспарын ай сайын артығымен ы. Июль айының 20 күндік өн-тоспарын ол 130 процент орын-исов жолдас басқа жұмысшы-

ларға іс үлгісін көрсетуде, сөйтіп өнді-рістік тапсырманы 250 процент орын-дайды. Сменаның мүшелері Михайлов жолдас тапсырманы 150 процент, Семе-нов жолдас 200 процент орындап жүр. 21 июль күні Борисов жолдас жұмыс мөлшерін 300 процент орындады.

Бузнецов жолдасын сменасы да жақ-сы нәтижелерге ие болды. Стахановшы Ефимова жолдас 23 июльде өндірістік тапсырманы 400 процент орындап, іс үлгісін көрсетті. Бригада мүшелері Мас-лов жолдас күнделік жұмыс мөлшерін 150 процент, Васильев жолдас 200 про-цент орындайды.

Жұмысшылар өндірісте бұдан да зор табыстарға жету үшін күш жұмсауда.

С. ПОЛЯКОВ.

Депоның жеңіс қауымын II-дережелі Отан соғысы орденді бас шебері.

енің жұмыс тәжірибем

мен үкмет басшылары бұдан бұрын 1935 жылғы 30 июль алыстық темір жол транспорты-теткерлерін Кремльде қабылда-еткерлер көсеміміз Сталин жолдас-ихи сөзінде: «Транспортта қыз-әрім өзіне үлкен аброй деп-т. Транспорттың маңызын ұғын-меткерлер—Отанының абройы-ет етушілер болады» деген бо-алин жолдасын бұл даналық-жолшылардың зейініне мықты

р Сталиннің сенімді серігі Ка-олдас бастаған миллиондаған-тылар армиясы жыл сайын-тарға жетуде. Темір жол-и барған сайын нығайту, тех-еңгеру үшін аянбай күш жұм-н өндірістік табыстарым мен іс-бүгін ортаға салмақпын.

39 жылдан бері көчегар болып-адым. Сол күннен-ақ өз жұмы-техникасын меңгеруге зейін-ұмыста жақсы нәтижелерге ие-йлық жұмыс жоспарын орта-50—200 процентке дейін орын-ым. Үздік еңбегі үшін бір неше-а алдым. Ол менің өндірістік жі-рыңыдан да арттырды. 1940-тап паровоз машинашысының-болдым. Менің ондағы жұмы-а машинашы, деңі басшыла-бағалаған жоқ. Бірнеше рет

мақтау қағаз, сыйлықтар алдым.

Паровозды жұмысқа пайдалану техни-касын, оның белшектерін және поезд-тоқтаусыз жүргізу ережелерін жақсы-менгергенімнің арқасында паровоз маши-нашысы болып істегуге жетістім. 1941-жылдан бастап машинашы болып істеп-келемін.

Машинашы Коновалов екеуіміз 1944-жылы 15300 километр жол жүріп ре-корд жасадық. Сол жолы 20 тонна отын-үнемдедік. Ол жүрістен кейін паровоздың-техникалық жайын тексергенде паровоз-техникалық бабында болып шықты. Ол-үшін депоның паровоз бөлімінен 500 сом-сыйлық, Омскі темір жолы басқармасы-наң да сыйлық алдым. Біздің бригада-мызға Омскі темір жолы басқармасының-бастығы құттықтау телеграмма жіберіп, хұрмет Грамотасымен наградтады.

1945 жылдың әпрел айында ұзақ са-парға жүру жөніндегі тапсырманы біз-ықласпен қарсы алдық. 28 мың тонна-жүк тиелген поездбен 1370 километр жер-жүрдік. 23 тонна отын үнемдедік. Бұ-дан кейін, тарихи жеңіс хұрметіне июль-айында тағы да рекорд жасадық. 25-мың тонна жүк тиелген поездбен 2510-километр жер жүріп, 30 тонна көмір-үнемдедік.

Июль айының 17 күні Тайнша стан-циясынан Петропавлға 5000 тонна жүк-тиелген ауыр салмақты поездды әкелдім.

процент орындап отырды.

Бас машинашы Романов жолдас бас-қарған комсомол-жастар бригадасының-мүшелері июль айының өндірістік жос-парын мерзімінен едәуір бұрын орындап, 13500 килограмм көмір үнемдеді.

Цех шебері Тарасов жолдасын брига-да мүшелері зор табыстарға ие болу-үшін 40 күндік стахановтық вахтаға-тұрып, күнделік жұмыс мөлшерін 2—3-есе артығымен орындап келеді.

Бұл цехтан Сәбитов жолдас басқарған-цех та қалысатын емес. Цех июль айы-ның өндірістік жоспарын біржарым есе-артық орындап, жұмыстан бас уақытта-2 паровоз жөндеп шығарды. Стаханов-шылар Рахматуллина, Сокалов жолдас-тар күнделік жұмыс тапсырмаларын екі есе-ге дейін артығымен орындайды.

Рачковский, Битутин жолдас-тардың басқаруындағы паровозшылар бригадала-рының мүшелері социалистік жарыста-үздік шықты. Олар өздерін жұмыстан-бос уақытында екі паровоз жөндеп шы-ғарды.

Т. АСАНОВ.

Бұл сапарда 6 тонна көмір үнемдедім.

Міне, паровоз машинашысының мұндай-табысқа жетуіне мынадай жағдай бар. Ол үшін парды кондициялайтын паро-воздың жаңа күшін, оның техникасын-жете меңгеріп, оны жақсы күту керек. Поездың техникалық ережелерін тыңғы-лықты сақтау, жол жағдайын жете білу, вагондарды паровозға тіркегенде оның-автотормозын қадағалап тексеру керек. Сөйтіп, поездың үздіксіз біркелкі жүруін-қамтамасыз ету керек.

Поездың график бойынша тоқтаусыз-жүріп, паровоздың бүлінбеуін қамтама-сыз ету үшін тыңғылықты жұмыс істеу-шарт. Біз мұны мұлтіксіз жүзеге асы-рып келеміз. Паровозды ауыстырғанда-оны майлау, кемшіліктерді жоюды жедел-дету үшін кезектес екі бригаданың екеуі-де қатысады. Паровозда жүріп келген-бригада паровозды шаң-тозаңнан тазар-тады. Онымен қатар, паровозбен жүру-ші бригада оны майлайды, бірлесіп іс-істейді. Міне мұнымен біз паровоз ауыс-тыруда көп уақытты үнемдеп келеміз. Тәжірибені ортаға салу үшін паровозды-жуу уақытында кезектесіп отыратын екі-бригаданың бірлескен мәслихатын өткі-зіп, мәселелерді кезінде талқылап отыра-мыз.

Отан соғысы күндерінде борышымды-мұлтіксіз орындау үшін бар ынта-жіге-рімді жұмсадым. Отанымның игілігі-үшін қызмет етуге әрқашанда әзірімін.

Темірбен АХМЕТОВ,

Петропавл депосының машинашысы.

бінің жолға қойылғандығынан және пі-шеншілердің тұрмыс қажетінің тыңғы-лықты өтелгендігінен болды. Міне, мұ-ның барлығы кұнарлы мал азығын-дайындау жұмыстарында колхозшылар-дың еңбек өнімін жаппай арттыруына-тікелей әсер етті. Осының нәтижесінде-колхозда пішен шабудың күнделік және-бескүндік тапсырмалары мұлтіксіз орын-далып отырды.

Мал азығын дайындауға немкетті қарап отыр

Ленин ауданындағы «Қаратал» колхоз-ы (председателі Кәдірбаев жолдас) бы-йылғы көктемгі егісті дер кезінде, сапа-лы аяқтады. Сол үшін колхоз облыстық-хұрмет тақтасына жазылды, ал колхоз-дың ондаған таңдаулы адамдары бағалы-сыйлықтар алды.

Қазақстанның 25 жылдығы атындағы-социалистік жарыста алынған міндетте-ме бойынша, колхозда егістен кейінгі-ауыл шаруашылық жұмыстары да ойда-ғыдай жүргізілуі керек еді. Бірақ кол-хоз басшылары алғанқы табысқа маста-нып, алған міндеттеме мен берген сөртті-орындауға колхозшы бұқараны жұмыл-дыра алмады. Осының салдарынан мұн-да егістен кейінгі ауыл шаруашылық-жұмыстарының барысы айтарлықтай бол-мады.

Отан мына мысалдар толық айғақ бо-ла алады: колхозда 800 гектар жерден-шабылған 1865 центнер пішеннің 1300-центнердей ғана майланды. Ал, шөп-шабу және мал азығын сүрлеу жөніндегі-жоспардың орындалуы 50 процентке де-жеткен жоқ. Осы сыяқты колхоз басшы-лары мал қыстату маусымына әзірлік-жұмыстарын да ұмыт қалдырып отыр. Күні бүгінге дейін бірде-бір мал қораны

Даурықпалы думанның салдары

«Жаңа талап» колхозы (Октябрь ау-дағы) пішен шабу жұмысына 15 июльде-кірісті. Міне содан бері біржарым ай-уақыт өтті. Бұл мерзім ішінде колхоз-дың мал азығын дайындау жоспарын то-лық орындап шығуына мүмкіншілігі жет-кілікті еді.

Бірақ колхоз басшыларының пішен-шабу жұмысына бар мүмкіншілікті то-лық шығарып, жұмыстың өнімді істелуін-қамтамасыз етпеуі салдарынан мұнда-мал азығын дайындау жұмысының бары-сы ойсыраған олқылыққа ұшырады. Кол-хоз бойынша 1035 гектар жерден 10325-центнер пішен шабылу орнына, 380 гек-тар ғана жердің пішені шабылып, одан-2680 центнер ғана өнім алынды. Немесе-жоспардың орындалуы 30 процентке де-жеткен жоқ. Осы сыяқты колхозда мал

пенді. Бұл күндерде барлық колхозшы-лар қол шалғымен пішен шабуға шыға-ды. Қазір колхозда қол шалғымен 200-центнер шөп шабылып үйілді. Қол шал-ғымен пішен шабуға Қанғожин және-Сақатов жолдас-тар естахановша жұмыс-істелудің асқан үлгілерін көрсетіп, бас-қа колхозшыларға өнеге болды.

С. ШӘЙМЕРДЕНОВ.

қыс маусымына әзір емес, қыстауларға-тасылған шөп 200 центнердей ғана.

Колхозда пішеншілердің еңбегі дұрыс-ұйымдастырылмаған, пішеншілер ара-сында үгіт-көпшілік жұмысы өрістетілме-ген. Мұнымен бірге, жұмыс үстінде бү-лінген машиналарды дереу жөндеп, оны-тез жұмысқа қосу ісі жолға қойылмаған. Міне осының салдарынан шөп машина-ларының жұмысқа пайдаланылуы тіпті-мардымсыз болып отыр. Демек, күн са-йып 4 шөп машинасымен 16 гектар-жердің пішені шабылу орнына, 8—10-гектар ғана жердің пішені шабылып-жүр. 4 шөп машинасы бір алаңда жүре-ді. Жуырда алда келе жатқан Нұрсейі-тов жолдасын шөп машинасы сынып, тоқтап қалғанда, кейінгі 3 машина да-тоқтап, бір сағат уақытты босқа өткізді. Жұмыс сапасы өте нашар.

«Қаратал» колхозының мал азығын-дайындауға зорға қатушылығы кездей-соқ іс емес. Бұл—колхоз басшыларының-жауапсыздығынан, олардың мал шаруа-шылығын өркендетудің негізгі шарасы—мал азығын дайындауға немкетті қа-райтындығын ыспаттайды.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

азығын сүрлеу жоспары да орындалмай-отыр.

Колхоз председателі Қожақметов және-колхоздағы партия ұйымының секретарі-Байболов жолдас-тар мал азығын дайын-дау жұмысына қолма-қол басшылық жа-сау орнына бұл жұмысты даурықпалы-думанға айналдырды. Шөп шабуға-қосылған 4 шөп машинасының өнімді-пайдаланылуын қамтамасыз ету былай-тұрсын, қайта шөп машиналарының-ауық-ауық тоқтап қала беруіне өздері-себенші болды. Осы сыяқты колхоз бас-шылары мал қораларына мал азығын та-су жұмысында ұйымдастырмай, бұл жұ-мысқа немкетті қарап отыр.

«Жаңа талап» колхозындағы бұл жа-уапсыздыққа аудан басшылары, қашанға-дейін тезе бермек? М. ДҮЙСЕНБАЕВ.

Қаражат Министрлігінің парламенттік-секретарі—Уильям Уитли.

Петтик Лоуренс лордтар палатасында-қызмет істейтін болады. Өйткені король-оган барон деген жоғары атақ берген. Король Айзексті, Эньюрин Бивенді, Джон-Уилмотты, Альфред Баристы және Шингу-элл ды құния кеңестің мүшелері етіп бел-гілеген. Лорд Эддисон лордтар палатасы-ның басшысы болып тағайындалды.

Англия королінің АҚШ Президенті Трумэнмен кездесуі

ЛОНДОН. 2 август. (ТАСС). Рейтер-агенттігінің хабары бойынша, Англия ко-ролі Георг VI 2 августа Плимут маңында-ағылшынның «Ринаун» крейсерінің үс-тінде АҚШ Пр-зиденті Трумэнмен кезде-кен.

ШЕТЕЛ ХАБАРЫ

Дельния қаласында Албаниядағы грек-жастарының тұңғыш конференциясы-болып өтті. Мұнда фашизмге қарсы коми-тет сайланды. Тиранға келген жастар-делегациясы Албания үкметінің басшысы-на өз отаны Албанияға берілгендігін мә-лімдеп, фашист басқыншыларға қарсы-бірлесіп жүргізілген күресте грек және-албан халқы арасында болған туысқан-дықты бұрыңғыдан да нығайтуды ті-лейтіндігін білдірген.

Венаның бургомистрі Керкер демокра-тияшыл партиялардың кеңісімі бойынша, қаланың 21 аудандық бургомистрін та-ғайындаған. Жаңадан тағайындалған ау-дандық 11 бургомистр социалистер, 7-коммунистер және 3 халық партиясы-ның мүшелері болып сайлады. Бурго-мистрлер орынбасарларының арасында-10 социалист, 11 коммунист және халық-партиясының 13 мүшесі бар. Бұл таға-йындалған бургомистрлердің барлығын-Венаның коменданты генерал-лейтенант-Благодатов мақұлдаған.

Совет көркем өнерінің Венаға келген-шеберлері Шпиллер, Иванов, Иванова, Преображенский, Капустин, Борисов, Обо-рин, Ойстрах және Кнушевицкий Авс-трия астанасында бірсыпыра концерт бер-ді. Совет артистерінің концертін Вена-халқы ерекше ықыласпен қарсы алып, жоғары бағалады.

28 июльде Гранд-Оттелде совет және-австрия артистерінің хұрметіне қабылдау-мәжлісі болды.

(ТАСС).

Жауапты редактор-Ө. ОСПАНОВ.